



Топтың сауда санкцияларының саясаты

Қолдану саласы:	Топ
Жауапты тұлға:	Роланд Штерр (Roland Sterr), Топтың құқықтық мәселелер және нормативтік-құқықтық сәйкестікті қадағалау жөніндегі директоры
Бекітті	Д-р Доминик фон Ахтен (Dominik von Achten), бас директор
Шығару күні:	2024 жылғы 1 тамыз
Нұсқа	4.0

Мазмұны

1.	Біздің нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі міндеттеріміз	3
2.	Ұлттық және халықаралық сауда санкцияларына шолу	3
3.	ЕО және АҚШ сауда санкцияларының қолдану саласы	4
3.1.	ЕО сауда санкциялары	4
3.1.1.	<i>Қолданылуы</i>	4
3.1.2.	<i>ЕО заңнамасы шеңберіндегі санкциялар түрлері</i>	4
3.2.	АҚШ сауда санкциялары	5
3.2.1.	<i>Қолданылуы</i>	5
3.2.2.	<i>АҚШ заңнамасы шеңберіндегі санкциялар түрлері</i>	5
3.3.	Сауда санкциялары саласындағы даулы заңдар	6
3.4.	Құпия ақпаратты шарт шеңберінен тыс пайдалануға тыйым салу	
4.	Ішкі ұйымдастыру және жауапкершілік	6
4.1.	Топтың нормативтік-құқықтық сәйкестігін сақтау жөніндегі маман	7
4.2.	Елдік нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі мамандар	7
4.3.	Барлық қызметкерлердің жауапкершілігі	7
5.	Ішкі процестер мен бақылау құралдары	8
5.1.1.	<i>Іскери серіктестер</i>	8
5.1.2.	<i>Ағымдағы іскери серіктестер</i>	8
5.1.3.	<i>Жаңа іскери серіктестер</i>	8
5.1.4.	<i>Шектеулер қойылған тараптардың бақылауындағы іскери серіктестің тәуекелі</i>	8
5.1.5.	<i>Топішілік кредиттік шарттар</i>	9
6.	Оқыту	9
7.	Инциденттер туралы есеп беру	9
8.	Осы саясатты сақтамау	9
9.	Байланыс мәліметтері және қосымша ақпарат	10
10	Өзгерістер тарихы	10

1. Біздің нормативтік-құқықтық сәйкестік саласындағы міндетіміз

«Heidelberg Materials» толтырғыштар нарығында әлемдік көшбасшы және цемент, бетон өндірісі мен басқа да қайта өңдеу салаларында танымал ойыншы болып табылады, бұл оны әлемдегі ең ірі құрылыс материалдарын өндірушілердің бірі етеді.

Өзінің Іскерлік мінез-құлық кодексінде «Heidelberg Materials» Тобы¹ Тобы барлық қызметкерлерден қызметтік функциялары мен міндеттерін орындау кезінде іскерлік этиканың жоғары стандарттарын сақтауды талап етеді. Ұйымның қызметкерлері мен өкілдері өз міндеттерін орындау кезінде адалдық пен әдептілікті қолдануы керек, сонымен қатар олар барлық қолданылатын заңдар мен ережелерді сақтауы керек.

«Heidelberg Materials» Тобы Германия Федеративтік Республикасының, Америка Құрама Штаттарының (АҚШ) немесе «Heidelberg Materials» Тобы жұмыс істейтін басқа елдердің халықаралық қатынастарына және / немесе қауіпсіздік мүдделеріне қауіп төндіретін барлық нәрселерден аулақ болуға міндеттенеді. Бұл біздің корпоративтік саясатымыздың ажырамас бөлігі, «Heidelberg Materials» Тобы өзінің халықаралық іскерлік қатынастарында ұлттық және халықаралық сыртқы сауда мен эмбаргоның ережелері мен нормалары аясында қойылатын талаптарды сақтайды.

«Heidelberg Materials» Тобы компаниясының барлық қызметкерлері компанияның тиісті заңдарын, нормалары мен саясатын, соның ішінде Топтың сауда санкцияларының осы саясатын білуге жауап береді және оларды тиісінше ұстануы керек. Бұзушылықтарға жол берілмейді.

Осы қағидалар мен ережелерді сақтамағаны үшін «Heidelberg Materials» Тобы, сондай-ақ жеке қызметкерлер азаматтық, әкімшілік және қылмыстық жазаға тартылуы, соның ішінде елеулі ақшалай айыппұлдар салынуы, ал жеке тұлғалар – түрмеге қамалуы мүмкін. Сақтамау, сонымен қатар, «Heidelberg Materials» Тобының беделіне нұқсан келтіруі және жоғары этикалық пен қауіпсіздік стандарттарын сақтауды талап ететін басқа елдердегі компаниялармен маңызды іскерлік қатынастарға қауіп төндіруі мүмкін.

Топтың осы Сауда санкциялары саясатының мақсаты біздің қызметкерлерімізді Еуропалық Одақтағы (ЕО) және АҚШ-тағы сауда санкциялары туралы заңның негізгі қағидаттарына, сауда санкцияларына байланысты «Heidelberg Materials» Тобындағы ішкі ұйымдастыру мен процестерге және осы Саясат сақталмаған жағдайда салдарына қатысты хабардар ету болып табылады. «Heidelberg Materials» Тобы өз қызметін жүзеге асыратын басқа елдерде неғұрлым қатаң талаптар қолданылатын жерлерде кез келген осындай талаптар осы Саясатқа қарамастан және оған қосымша сақталуы тиіс.

Бұл Саясат «Heidelberg Materials» Тобына кіретін барлық компанияларға қолданылады және «Heidelberg Cement Group» компаниясының барлық қызметкерлеріне қатысты. Осы Саясаттан кез келген ауытқу «Heidelberg Materials» Басқармасының жазбаша рұқсатын талап етеді.

2. Ұлттық және халықаралық сауда санкцияларына шолу

Германия немесе АҚШ сияқты мемлекеттер және Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) немесе ЕО сияқты ұлттық ұйымдардан жоғары ұйымдар жоғарыда аталған мемлекеттермен және ұйымдармен халықаралық деңгейде танылған мінез-құлық стандарттары мен нормаларын бұзушылар ретінде, әсіресе ядролық

¹ Heidelberg Materials AG және тікелей немесе жанама Heidelberg Materials AG басқаратын барлық компаниялар.

қаруды таратуға қатысушылар ретінде, террористер немесе террористік ұйымдардың жақтаушылары ретінде, адам құқықтарын бұзушылары ретінде, немесе сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қатысушылар ретінде қарастырылатын елдерге, ұйымдарға, топтарға, кәсіпорындарға және жеке тұлғаларға қарсы шектеу шараларын қолданады (осы Саясатта олар «Шектеулер қойылатын тараптар» деп аталады) Мұндай шаралар сауда санкциялары мен эмбарго сияқты танымал.

Сауда санкциялары кешенді эмбарго (толық эмбарго), қаруды жеткізуге эмбарго, саудаға эмбарго немесе қаржылық эмбарго / қаржылық блокада немесе тізімдегі нақты адамдарды, ұйымдарды, топтар мен кәсіпорындарды шектеуге бағытталған эмбарго (қара тізім негізіндегі санкциялар) сияқты ішінара эмбарго түрінде болады. Қаржылық эмбарго, әдетте, санкция салынған немесе оларға кез келген түрдегі қаржылық қызмет көрсететін тараптардың билігіне кез келген түрдегі активтерді орналастыруға тыйым салады.

Қара тізімге негізделген қаржылық және сауда эмбаргосы мен санкциялары «Heidelberg Materials» Тобы үшін ерекше маңызды.

3. ЕО және АҚШ сауда санкцияларының қолданылу саласы

3.1. ЕО сауда санкциялары

3.1.1. Қолданылуы

ЕО сауда санкциялары

- ЕО мүше мемлекеттердің аумағында;
- мүше мемлекеттің азаматы болып табылатын ЕО аумағындағы немесе одан тыс кез келген адамға;
- мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған немесе ұйымдастырылған кез келген заңды тұлғаға, субъектіге немесе органға, оның ЕО ішінде немесе одан тыс әрекет ететініне қарамастан; және
- кез-келген заңды тұлғаға, субъектіге немесе органға, ЕО шегінде толық немесе ішінара жүргізілген кез-келген бизнеске қатысты қолданылады.

3.1.2. ЕО заңнамасы шеңберіндегі санкциялар түрлері

ЕО енгізген Санкциялар (бұлтартпау шаралары) үшінші елдердің үкіметтеріне немесе мемлекеттік емес заңды және жеке тұлғаларға (мысалы, террористік топтар мен террористерге) бағытталуы мүмкін. Оларға қару жеткізуге эмбарго, саудадағы басқа арнайы немесе жалпы шектеулер (импорт пен экспортқа тыйым салу), қаржылық шектеулер, кіруге / әкелуге шектеулер (виза алуға немесе саяхатқа тыйым салу) немесе қажет болған жағдайда басқа шаралар кіруі мүмкін.

Шектеулер қойылатын тараптардың аттарын / атауларын қолмен іздеу онлайн режимінде жүзеге асырылуы мүмкін (веб-бет немесе Edit/Find on this page (Түзету / Осы бетте табу) браузер мәзіріндегі іздеу функциясы арқылы):

http://ec.europa.eu/external_relations/cfsp/sanctions/list/version4/global/e_ctlview.html².

ЕО санкциялары, әдетте, Кеңестің регламентімен және Кеңестің Атқарушы регламентімен салынады, олар ЕО ресми журналында және ЕО сыртқы іс-қимыл қызметі арқылы кешенді түрде жарияланады.

3.2. АҚШ сауда санкциялары

3.2.1. Қолданылуы

АҚШ-тың сауда санкциялары жалпы АҚШ субъектілеріне қолданылады. «АҚШ субъектілері» термині мыналарды қамтиды:

- АҚШ заңнамасына сәйкес ұйымдастырылған барлық компаниялар және басқа заңды тұлғалар (оның ішінде олардың шетелдік филиалдары);
- тұрғылықты жеріне немесе жұмысына қарамастан, АҚШ азаматтары немесе тұрақты тұрғындар («грин-карта» иелері) болып табылатын жеке тұлғалар;

кез-келген шаруашылық жүргізуші субъект, қай жерде ұйымдастырылғанына қарамастан немесе АҚШ-та, азаматтығына немесе тұрғылықты жеріне қарамастан, тіпті уақытша немесе демалыста болған жеке тұлға; және

- кез-келген шаруашылық жүргізуші субъект, оның қай жерде ұйымдастырылғанына қарамастан немесе азаматтығы немесе тұрғылықты жеріне қарамастан, Америка Құрама Штаттарынан қызметтерді экспорттайтын, тіпті егер ол АҚШ-та физикалық түрде болмаса да, экспорт кезінде жеке тұлға.

АҚШ-тың Куба мен Иранға қарсы санкциялары қай жерде ұйымдастырылғанына немесе орналасқанына қарамастан, тікелей немесе жанама түрде АҚШ субъектісінің меншігінде немесе бақылауында тұрған американдық емес ұйымдармен (мысалы, АҚШ компанияларының шетелдік еншілес ұйымдары) сақталуын талап етеді.

АҚШ-тың Иранға қарсы санкцияларына Иран экономикасының белгілі бір секторларымен (энергетика, кеме жасау, кеме қатынасы және автомобиль өнеркәсібін қоса алғанда) байланысты белгілі бір мәмілелерге немесе Иран санкцияларына, сондай-ақ басқа да байланысты санкцияларға жататын бағдарламаларға бағытталған Шектеулер қойылатын тараптардың қатысуымен белгілі бір мәмілелерге қатысатын шетелдік тұлғаларға бағытталған «қайталама санкциялар» кіреді.

Сонымен қатар, АҚШ субъектілері АҚШ-тың санкцияларын бұзудың себебі болып табылатын АҚШ субъектілері болып табылмайтын жеке және заңды тұлғалар АҚШ-тың санкцияларын бұзады және АҚШ-тың қолданыстағы заңнамасына сәйкес азаматтық және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін («Бұзу себебі»), мысалы, АҚШ-тың субъектісі болып табылмайтын тұлға АҚШ банкін ерекше санаттағы және тыйым салынған адамдардың тізімінде (SDN тізімі) немесе АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (ШАББ /OFAC) шығарған басқа тізімдерде аталған тұлғалармен төлем операцияларына қатысуға тартады.

² NB: Тізімді интернет-браузерде ActiveX Filtering өшірілген кезде ғана көруге болады.

3.2.2. АҚШ заңнамасы шеңберіндегі санкциялар түрлері

- Арнайы санаттағы және тыйым салынған азаматтардың тізімі (SDN тізімі): Бұл тізімде аталған елдердің мүдделері үшін немесе атынан иелік ететін немесе бақылайтын немесе әрекет ететін адамдар мен компаниялар бар. Бұл тізімде сонымен қатар елге тәуелді емес бағдарламаларға сәйкес әрекет ететін террористер мен есірткі сатушылар сияқты адамдар, топтар мен ұйымдар аталған. Жалпы алғанда, мұндай адамдар мен компаниялар «Ерекше санаттағы және тыйым салынған адамдар тізіміне кіретін тұлғалар» немесе «SDN» тізіміне кіретін тұлғалар деп аталады. Олардың активтері бұғатталады және АҚШ азаматтарына олармен істес болуға тыйым салынады.

SDN тізімінен аты немесе елі бойынша қолмен іздеу <http://sdnsearch.ofac.treas.gov/> сайтында жүргізілуі мүмкін.

- Салалық санкциялар: Салалық санкциялар АҚШ Үкіметінің өкімдерімен қолданылуы мүмкін және осы тұлғалармен жасалған мәмілелерге тыйым салуды сипаттайды. Мұндай мәмілелер белгілі бір қаржылық операцияларды, қару-жарақ пен басқа тауарларды сатуды және т.б. қамтуы мүмкін. Салалық Санкциялар мұндай мәмілелермен шектеледі және аталған тұлғалармен өзге мәмілелерге тыйым салмайды.
- Басқа санкциялар: Санкциялардың басқа түрлері белгілі бір елге немесе жалпы бағдарламаларға енгізілуі мүмкін және ШАББ/ OFAC жарияланады.

3.3. Сауда санкциялары саласындағы даулы заңдар

Эмбарго туралы әртүрлі қолданыстағы заңдар арасында қайшылық туындаған жағдайда, кез-келген бизнес шешімді қабылдағанға дейін кеңес пен қолдау алу үшін Топтың нормативтік-құқықтық сәйкестігін сақтау жөніндегі маманмен немесе Елдік Нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі маманмен дереу байланысыңыз.

Бұл, атап айтқанда, АҚШ санкциялары немесе басқа санкциялар ЕО-ның №2271/96 Бұғаттау туралы регламентімен және / немесе салыстырмалы әрекет ережелерімен қайшы келген жағдайында қолданылады. Мұндай қайшылық, мысалы, егер бір елдің эмбарго туралы заңдары белгілі бір сауда түрлеріне немесе Шектеулер қойылатын тараптармен мәмілелерге тыйым салса, ал бұғаттау туралы регламенттер «Heidelberg Materials» Тобының мұндай ережелерді сақтамауды талап еткен жағдайда туындауы мүмкін.

3.4. Құпия ақпаратты шарт шеңберінен тыс пайдалануға тыйым салу

Қолданылатын сауда санкцияларында, әдетте, шарттан тыс құпия ақпаратты пайдалануға тыйым салатын міндеттемелер бар. «Heidelberg Materials» Тобының барлық компаниялары мұндай міндеттемелерге сәйкес келмейтін мәмілелер жасаспауы немесе қызметті жүзеге асырмауы тиіс. Күмән туындаған жағдайда, қандай да бір іскерлік шешім қабылдас бұрын, Топтың нормативтік-құқықтық сәйкестігін сақтау жөніндегі Маманынан немесе Елдік нормативтік-құқықтық сәйкестігін сақтау жөніндегі Маманнан дереу кеңес алу және көмек сұрау керек.

4. Ішкі ұйымдастыру және жауапкершілік

Сауда санкцияларын сақтау функциялары мен міндеттері Топтың Нормативтік-құқықтық сәйкестік саясатына сәйкес болуы керек. Елдегі тиісті сауда санкцияларын сақтау үшін жалпы жауапкершілік ел ұйымының басшысына жүктеледі. Ұйымның нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау функциялары мен міндеттері келесідей анықталған:

4.1. Топтың нормативтік-құқықтық сәйкестігін сақтау жөніндегі маман

Топтың нормативтік-құқықтық сәйкестігін сақтау жөніндегі маман келесі мәселелер бойынша орталық жауапты болады:

- Топтың осы Сауда санкцияларының саясатын басып шығару және жаңарту
- Топ деңгейіне сәйкес келетін құқықтық талаптардың мониторингін
- Реттеуші органдардан, қаржылық немесе кредиттік ұйымдардан, басқа да Іскери серіктестерден немесе кез келген үшінші тұлғалардан сауда санкциялары бойынша тиісті мәселелерге қатысты сұрауларға жауаптарды үйлестіру
- Сауда санкциялары бойынша тиісті мәселелерге қатысты Бақылау кеңесінің басқармасына (Vorstand) және Аудиторлық комитетіне (Prüfungsausschuss) есеп беру
- Елдік нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі мамандар немесе бизнес-бөлімдер көтерген күрделі істер бойынша шолу және консультация беру
- Сауда санкциялары бойынша тиісті мәселелерді үйлестіруді оқыту
- Қызметкерлердің сауда санкцияларының немесе Топтың осы Сауда санкциялары саясатының ықтимал бұзушылықтарына байланысты проблемалар туралы баяндамаларын қабылдау және қарау (төменде 7-бапты қар.); егер баяндаманың тек жергілікті деңгейде ғана маңызы болса, Елдік Нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі құзыретті маманға табыстау.

4.2. Елдік нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі мамандар

- Елдік Нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі маман келесі мәселелер үшін жауап береді:
- Сауда санкциялары туралы барлық қолданылатын заңдар мен нормативтік актілердің сақталуын қамтамасыз ету;
- Егер Заң бөлімімен, Құқықтық мәселелер жөніндегі сыртқы кеңесшімен үйлестіру, сондай-ақ құзыретті реттеуші органмен консультациялар қажет болса, даулы құқықтық талаптарды қоса алғанда, құқықтық талаптарды түсіндіру;
- Сауда санкциялары бойынша тиісті мәселелерге қатысты бизнес-функциялар бойынша кеңес беру;
- Шектеулер қойылатын тараптардың тиісті тізімдері бойынша Іскери серіктестерді тексеруге (5.1.1 тарм. белгіленгенге сәйкес) және іскери серіктестер туралы мәліметтерді қосымша тексеруге мониторинг және шолу жасау;
- Жергілікті заңнаманың құқықтық талаптарының мониторингін
- Топтың осы Сауда санкцияларының саясатын, егер қолданылса, жергілікті интражелі бойынша тиісті жергілікті саясатты жариялау және жаңарту және қажетті аударымдарды ұсыну;
- Реттеуші органдардан, қаржылық немесе кредиттік ұйымдардан, басқа да Іскери серіктестерден немесе кез келген үшінші тұлғалардан сауда санкциялары бойынша тиісті мәселелерге қатысты сұрауларға жауаптар;

- Жергілікті басшылыққа сауда санкциялары бойынша тиісті мәселелерге қатысты есеп беру;
- Топтың нормативтік-құқықтық сәйкестігін сақтау жөніндегі маманға сауда санкциялары бойынша тиісті мәселелерге қатысты есеп беру;
- Топтың нормативтік-құқықтық сәйкестігін сақтау жөніндегі маманға күрделі істерді табыстау;
- Қызметкерлерге сауда санкциялары бойынша тиісті мәселелерге қатысты тренинг ұйымдастыру және өткізу;
- Қызметкерлердің сауда санкцияларының немесе Топтың осы Сауда санкциялары саясатының ықтимал бұзушылықтарына байланысты проблемалар туралы есептерін алу және қарау (төмендегі 7-бапты қара.).

4.3. Барлық қызметкерлердің жауапкершілігі

Сонымен қатар, барлық қызметкерлер қолданылатын барлық заңдар мен сауда санкциялары туралы қаулылардың сақталуына жауап береді. Барлық іскерлік жағдайларда, заңның немесе осы Саясаттың талаптары толық емес немесе түсініксіз болған кезде, барлық қызметкерлер байсалды пікір мен ақыл-ойды қолданып, өз басшысынан, Заң бөлімінен немесе Нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінен кеңес алуы керек.

5. Ішкі процестер мен бақылау құралдары

«Heidelberg Materials» Тобы Шектеулер қойылатын тараппен бизнес жүргізуді болдырмау үшін бақылаудың келесі процестері мен түрлерін қолданды:

5.1.1. Іскери серіктестер

Іскери серіктестер барлық клиенттер, жеткізушілер, бірлескен кәсіпорын бойынша серіктестер, агенттер, консультанттар, қызметкерлер және біздің іскерлік қызметімізге қатысатын басқа да үшінші тұлғалар (әрбір «Бизнес серіктес») болып табылады.

5.1.2. Ағымдағы іскери серіктестер

Барлық ағымдағы іскери серіктестер тұрақты негізде Шектеулер қойылатын тараптардың тиісті тізімдері бойынша тексерілуі тиіс (жоғарыда 3-бапты қараңыз). Кез-келген әлеуетті тиімді серіктес мұқият зерттелуі керек. Қажет болған жағдайда, қосымша ақпарат жаңа іскер серіктестен, құзыретті органнан немесе өзге де көздерден алынуы мүмкін. Егер іскерлік серіктес Шектеулер қойылатын тарап болып табылса, мұндай іскери серіктеспен барлық жаңа іскерлік қызметке тыйым салынады және мұндай іскери серіктеспен қарым-қатынас шарттық талаптарды ескере отырып, сауда санкциялары туралы қолданыстағы заңнаманың және басқа да қолданылатын жергілікті заңнаманың талаптарына сәйкес тоқтатылуы тиіс.

5.1.3. Жаңа іскери серіктестер

Барлық жаңа іскери серіктестер ресми іскерлік қатынастарға кіргенге дейін Шектеулер қойылатын тараптардың тиісті тізімдері бойынша тексерілуі тиіс (жоғарыда 3-тармақты қараңыз). Қажет болған жағдайда, қосымша ақпарат жаңа іскер серіктестің өзінен, құзыретті органнан немесе өзге де көздерден алынуы мүмкін. Жаңа іскерлік серіктес Шектеулер қойылатын тарап емес екендігі туралы түпкілікті растау алынғанға дейін жаңа іскери серіктеспен қарым-қатынасқа

кірмеу керек. Егер жаңа іскер серіктес Шектеулер қойылатын тарап болып табылса, жаңа іскер серіктеспен барлық бизнеске тыйым салынады.

Елдік нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі маман тиімді (әлеуетті) серіктестердің есебін жүргізуі тиіс, мұндай есепке құжаттаманы растайтын тексеру нәтижелері, сондай-ақ бұл қолданылатын жерде іскерлік қатынастардан бас тарту, тоқтата тұру және тоқтату кіреді.

5.1.4. Шектеулер қойылған тараптардың бақылауындағы іскери серіктестің тәуекелі

Кейбір жағдайларда сауда санкциялары Шектеулер қойылған тараптардың тиісті тізімдерінде көрсетілген Шектеулер қойылған тараптармен бизнеске тыйым салып қана қоймайды, сонымен қатар шектеулерге жататын тараптардың пайдасына жанама қол жетімді немесе бағытталған қаражатты немесе экономикалық ресурстарды беруге тыйым салады. Мысалы, Шектеулер қойылған тарап, егер төлем Шектеулер қойылған тараптың меншігінде немесе бақылауында болатын заңды тұлғаға жүргізілген болса, төлемнен жанама пайда алады. Егер Шектеулер қойылған тарап АҚШ санкцияларымен Ерекше санаттағы азаматтар мен тыйым салынған тұлғалар тізіміне (SDN) кіретін тұлға ретінде аталған болса, онда Ерекше санаттағы азаматтар мен тыйым салынған тұлғалар тізіміне (SDN) кіретін тұлғамен жасалатын мәмілелерге тыйым салулар мен шектеулер мұндай тұлға 50% немесе одан да көп, не тікелей не жанама түрде иелік ететін кәсіпорынға, кәсіпорынның өзі тізімде тұрған-тұрмағанына қарамастан, қолданылады.

Мұндай жағдайларда, Шектеулер қойылған тараптардың тізімдері бойынша іскери серіктесті тексеруге қосымша, іскерлік қатынастар қандай да бір Шектеулер қойылған тарап үшін жанама түрде пайдалы болып табылатындығын тексеру қажет. Алайда, әрбір іскер серіктес туралы мәліметтерді тексерудің мұқияттылығы әр нақты жағдайда тәуекелді бағалауға байланысты және қосымша сақтық қажет болуы мүмкін. Күмән туындаған жағдайда мәселе Елдік Нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі маманға берілуі тиіс.

Елдік нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі маман растайтын құжаттарды, сондай-ақ қолданылатын жерде іскерлік қатынастардан бас тартуын, тоқтата тұруын және тоқтатылуын тексеру нәтижелерінің есебін жүргізуі тиіс. ШАББ өзінің юрисдикциясындағы адамдардан АҚШ санкцияларына жататын операциялар туралы жазбаларды бес жыл бойы сақтауды талап етеді.

5.1.5. Топішілік кредиттік шарттар

Heidelberg Materials AG (кредитор) мен еншілес компания (қарыз алушы) арасындағы барлық кредиттік шарттарда қарыз алушының Топтың осы Сауда санкцияларының саясатын, атап айтқанда, осы 5-бапты сақтау міндеттемелеріне сілтеме жасалуы тиіс.

6. Оқыту

Бірдей уақыт аралығында «Heidelberg Materials» Тобы оған қатысты сауда санкциялары туралы қаулылар бойынша және сауда санкцияларының кез келген бұзылуын болдырмау үшін жергілікті жерлерде қолданылатын ішкі процестер мен бақылау құралдары бойынша тиісті тренингтерді ұсынады.

Осындай оқудан өтуі тиіс «Heidelberg Materials» Тобы қызметкерлері тиісті бизнес-бөлімдермен ынтымақтастықта Елдік нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі маманмен анықталады, содан кейін Елдік нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі маманмен оқыту үшін тіркеледі.

7. Оқиғалар туралы хабарлама

«Heidelberg Materials» Тобының қызметкерлері сауда санкциялары туралы заңдар мен қаулылардың, сондай-ақ Топтың осы Сауда санкциялары саясатының нақты, күдікті немесе күтілетін бұзушылықтары туралы, атап айтқанда, өздерінің тікелей басшысына, иерархияның келесі деңгейінің басшысына немесе Заң бөліміне / Нормативтік-құқықтық сәйкестік бөліміне дереу хабарлауға міндетті. Сонымен қатар, мұндай баяндамалар «SpeakUp» деп аталатын Нормативтік-құқықтық сәйкестіктің арнайы жедел желісі бойынша жасалуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін Топтың Нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінен «Оқиғалар туралы хабарламаны» және «Белгілі бір жағдайды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты» қараңыз.

АҚШ субъектілері де Шектеулер қойылған тараптардың қатысуымен белгілі бір мәмілелер туралы мәміле жасалған сәттен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей ШАББ/ OFAC-қа немесе басқа да тиісті органдарға хабарлауы тиіс.

8. Осы саясатты сақтамау

Топтың осы Сауда санкцияларының саясатын сақтамау елеулі бұзушылық болып табылады және тәртіптік жазаға әкелуі мүмкін, соның ішінде:

- Жазбаша ескертулер;
- Залалды өтеу туралы талап-шағымдар;
- Еңбек қатынастарын тоқтату.

9. Байланыс мәліметтері және қосымша ақпарат

Толығырақ ақпарат алу үшін Топтың Нормативтік-құқықтық сәйкестігін сақтау жөніндегі маманмен байланысыңыз:

Рональд Штерр (Ronald Sterr),
Топтың нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінің
директоры
Тел.: +49 6221 481-13663
Факс: +49 6221 481-13705
E-Mail: roland.sterr@heidelbergmaterials.com

Қосымша ақпарат алу үшін сіз Елдік немесе Жергілікті нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі маманмен байланыса аласыз.

10. Өзгерістер тарихы

Күні	Нұсқасы	Жауапты тұлға	Өзгерістерге шолу
2014 жылғы 19 қараша	1.0	Роланд Штерр	Жаңа құжат
2020 жылғы сәуір	2.0	Роланд Штерр	«Нормативтік-құқықтық сәйкестікті қадағалау жөніндегі жергілікті маман» тұжырымдамасын «Нормативтік-құқықтық сәйкестікті қадағалау жөніндегі елдік маманға» өзгерту, «Енгізу кезеңі» 5.2-бөлімін алып тастау, «Сенім сызығын» өзгерту, байланыс тұлғасын өзгерту
2023 жылғы 21 қыркүйек	3.0	Роланд Штерр	Компания атауының өзгеруіне байланысты өзгерістер
2024 жылғы 1 тамыз	4.0.	Роланд Штерр	Құпия ақпаратты шарт шеңберінен тыс пайдалануға тыйым салу туралы жаңа 3.4. тармақ